

FTAXP 18.45.01
ӘОЖ 792.97

DOI 10.56032/2523-4684.2025.2.14.5

Б.Е. Бахты^{1*}

¹Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ Ұлттық Өнер Университеті
ORCID ID: 0009-0000-3446-0812
E-mail: botagozbahty@icloud.com
(Астана, Қазақстан)

ТАРИХИ ДРАМАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мақалада тарихи драмалық қойылымдардың қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы зерттелген. Автор қазақ театр сахнасында қойылған «Бопай ханым», «Алтайдан ауған ел», «Сәкен – сұңқар» спектакльдерін талдап, олардың тарихи және тәрбиелік мәнін ашуға тырысады. Театр мен қоғамның өзара байланысы айқындалып, тарихи драманың ұлттық сананы қалыптастырудағы орны көрсетіледі. Мақалада театрдың көрерменге рухани әсері, патриотизмді нығайтуы, тарихи тұлғалардың есімін жаңғыртуы сияқты аспектілер қарастырылады. Қойылымдар арқылы қазақ халқының өткен ғасырларда бастан кешкен қиыншылықтары баяндалып, ондағы ортақ идея талданады. Автор әр спектакльдегі режиссерлік шешімдерге, актерлік ойынның тарихи мазмұнды жеткізудегі рөліне тоқталады. Сондай-ақ, тарихи қойылымдардың тіл, мәдениет және ұлттық мұраны сақтаудағы маңызы ерекше атап өтіледі.

Түйінді сөздер

театр өнері, қоғам мен театр, театр тарихы, тарихи драма, драма жанры, Бопай ханым, Алтайдан ауған ел, Сәкен сұңқар.

Дәйексөз үшін

Бахты, Б.Е. 2025. Тарихи драмалық қойылымдардың қоғамдық маңыздылығы. Arts Academy ғылыми журналы №2(14): 5–20.

IRSTI 18.45.01
UDC 792.97

DOI 10.56032/2523-4684.2025.2.14.5

B.Ye. Bakhty ^{1*}

¹*Kazakh National University of Arts
named after Kulyash Baiseitova
ORCID ID: 0009-0000-3446-0812
E-mail: botagozbahty@icloud.com
(Astana, Kazakhstan)*

THE SOCIAL SIGNIFICANCE OF HISTORICAL DRAMATIC PRODUCTIONS

Annotation

This article explores the role and significance of historical dramatic productions in society. The author analyzes the plays Bopai Khanum, The People Who Fled from Altai, and Saken – the Falcon staged on the Kazakh theater scene, aiming to reveal their historical and educational value. The interconnection between theater and society is highlighted, emphasizing the role of historical drama in shaping national consciousness. The article examines aspects such as the spiritual impact of theater on the audience, the strengthening of patriotism, and the revival of historical figures' legacies. It is noted that these productions depict the hardships and historical events experienced by the Kazakh people in past centuries. The author also focuses on the role of directorial decisions, acting, and stage design in conveying historical content. Furthermore, the importance of historical productions in preserving language, culture, and national values is specifically emphasized.

Key words

theater art, society and theater, theater history, historical drama, drama genre, Bopai Khanum, Altaydan augan el, Saken sungkar.

Cite

Bakhty, B.Ye. 2025. The social significance of historical dramatic productions. Arts Academy Scientific Journal, no. 2(14): 5–20.

МРНТИ 18.45.01
УДК 792.97

DOI 10.56032/2523-4684.2025.2.14.5

Б.Е.Бахты^{1*}

¹Казахский Национальный Университет Искусств
имени Куляш Байсеитовой
ORCID ID: 0009-0000-3446-0812
E-mail: botagozbahty@icloud.com
(Астана, Казахстан)

ОБЩЕСТВЕННАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ИСТОРИЧЕСКИХ ДРАМАТИЧЕСКИХ ПОСТАНОВОК

Аннотация

В статье исследуется роль и значимость исторических драматических постановок в обществе. Автор анализирует спектакли, поставленные на казахской театральной сцене, такие как «Бопай ханым», «Алтайдан ауган ел» и «Сакен – сункар», стараясь раскрыть их историческое и воспитательное значение. Выявляется взаимосвязь театра и общества, а также определяется роль исторической драмы в формировании национального сознания. В статье рассматривается духовное воздействие театра на зрителя, его роль в укреплении патриотизма и увековечивании имен исторических личностей. Отмечается, что через постановки на сцене оживают сложные исторические периоды и события, пережитые казахским народом. Автор акцентирует внимание на режиссерских решениях, актерском мастерстве и роли сценографии в передаче исторического содержания. Кроме того, особо подчеркивается значимость исторических постановок в сохранении языка, культуры и национальных ценностей.

Ключевые слова

современное искусство, кукольный театр, мультимедиа, интерактивная сценография, технологические инновации.

Для цитирования

Бахты, Б.Е.. 2025. Общественная значимость исторических драматических постановок. Научный журнал "Arts Academy", № 2(14): 5–20.

Kіpіcne. Қоғам мен театрдың өзара байланысы мен бір-біріне тигізетін әсері өте тереңде жатыр. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: «Әрбір өнердің иесі болған ел сол өнерді туғызып өсірген анасы есебінде» (Мұқан 2012, 75) – деп өнердің бұлақ көзі әр елдің өз мәдениеті, салт-дәстүрі мен дүниетанымдық ерекшеліктері екенін айқындайды. Сондай-ақ ол: «Сымбатты өнер болмаған елде мағыналы тіршілік жоқ. Қандай қауым, қандай тапты алсақ та қаны мен жанының суретін өнер айнасына түсірмей отыра алмайды. Өнерден қуат алмаса, тіршіліктің шырағы өшеді» (Мұқан 2012, 89) – дей келе, өнердің қоғам өміріндегі маңыздылығын, өнерсіз елдің ел ретінде тіршілік ете алмайтындығын атап өтеді. Бұдан қоғам мен театрды бір-бірінен жеке дара қарастыру мүмкін емес деген тұжырым жасауға болады. Әр тарихи кезеңде қоғамның даму деңгейі театр өнерінде көрініс табады, ал театр сахнасындағы қойылымдарда көтерілген тың мәселелер өз кезегінде қоғамның өзгеруіне ықпал етеді. Wrentschur «The aesthetic space of theatre opens possibilities for experiencing difference from everyday life and thus for expanding and changing views and perspectives» деп атап өтеді (Wrentschur 2025, 125). Яғни, театр көрерменге күнделікті өмірден тыс, өзгеше көркемдік тәжірибе арқылы ой-өрісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Театр қалыптасқан күннен бастап бұл

үрдіс үзілген емес. Қоғам мен театр өнері едәуір өзгерістерді бастан кешті. Алғашқы театр қойылымдары мен қазіргі заман қойылымдарын салыстыру бірқатар қиындықтарды туындатады, себебі режиссерлік шешімдер, актерлік ойын тәсілдері, жанрлық бағыттардың кеңеюі, тіпті көрермен талғамы мен театр ғимаратының өзі де айтарлықтай елеулі өзгеріске ұшырады. Қазіргі таңда әр көрерменнің талғамына сай репертуар кеңдігін де еске алған жөн. Алғашқы театр сахнасында үш бағыттағы, атап айтсақ, драма, комедия, трагедия жанрындағы қойылымын тамашаласа, қазір жанр ауқымы да күннен күнге толығып кеңеюде. Поэтикалық драма, лирикалық драма, психологиялық драма, саунд-драма, философиялық драма, тарихи драма сынды бағыттағы қойылымдар көрерменге жол тартуда. Әрбір қойылым өзіндік идеясы мен көтеретін мәселелерімен ерекшеленеді. Соның ішінде негізгі назар аударылатын бағыт – тарихи драма жанры. Тарихи драма әр елдің тарихына сыр шертіп, сол заманның елеулі оқиғаларын, халықтың бастан өткізген қысылтаяң кезеңдері мен тауқыметін, немесе белгілі бір тұлғаның өмірбаяны мен жүріп өткен жолын баяндайды. Бұл жайында профессор Рымғали Нұрғали: «Тарихи ғұмырнамалық драмаға белгілі тарихи тұлғаның өмірі арқау болмақ. Эстетикалық шындықпен бейнеленген көрнекті адамның іс-әрекеті, күрес

жолы идеялық нысаны, әсіресе жас ұрпақ, кейінгі толқынға үлгі, өнеге» (Нұрғали 2001, 395) – деп тарихи драманың өзегі мен оның өскелең ұрпақтың тәрбиеленуіне әсерін атап көрсеткен. Жас ұрпақ – елдің болашағы. Олардың дұрыс тәрбиеленуі мемлекеттің құлпыруына немесе құлдырауына әкеп соғады. Өз тілі мен тарихын танымайтын өскелең ұрпақтың мәңгүртке айналуы әбден мүмкін. Түп тамырын білмейтін адам өзін де танымайтыны хақ. Әрине, мектеп қабырғасында жеткілікті білім алатыны даусыз. Дегенмен, театр қойылымдарының, әсіресе тарихи драмалардың эмоционалды-психологиялық әсері анағұрлым терең әрі есте қаларлық болады. Бұл тұста Malyska: «The value of art education in ensuring the sustainable development of society lies in the fact that the means of art can most organically convey both information and value concepts to a person's consciousness» (Malyska 2022, 248) – деп пікір келтіреді. Жалпы алғанда тарихи драмалық қойылымдарды әр елдің тарихының сахналық көрінісі десек қателеспеспіз. Әр қойылым белгілі бір тарихи кезеңдегі халқымыздың өткенімен қауыштырып, түп тамырымыздан ажырамауға себепкер болады. Қазақ елінің тарихына көз жүгіртсек халқымыз сан қилы аумалы-төкпелі заманнан өтіп, қиындық пен қайғысы, ауыртпалығы мен азабы толы уақытты бастан кешті. Театр сахнасындағы қойылып келе жатқан: «Аманкелді»,

«Хан Кене», «Абылай ханның ақырғы күндері», «Қарақыпшақ Қобыланды» «Бопай ханым», «Сәкен – сұңқар», «Исатай - Махамбет», «Алаш жолы», «Абай» және осы сынды тарихи тұлғалар жайлы спектакльдер тарихтың қойнауына сыр шертеді. Аталған қойылымдар елге төнген ауыр заманды еңсеріп, жақсылықтан үміт үзбеген қайсар мінезді кейіпкерлерді бейнелейді. Бұл елдің рухын оятап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттырады.

Қоғам – белгілі бір аумақта тұратын, өмір сүру қағидалары, идеологиялық ұстанымдары мен мәдениеті ортақ адамдардың қауымдастығы. Қоғамның негізі адам. Сондықтан қоғамның дамуы сол қоғам мүшелерінің үлесіне тікелей байланысты. Ол дегеніміз әр адамның білімі, дүниетанымы және сол адамдардың өзара әрекеттесуі қоғамның өзгеруіне маңызды роль атқарады. Қоғамдағы адамдарды материалды, коммуникативті, рухани қарым-қатынас байланыстыратыны мәлім. Осы байланысты нығайтуда тарихи драманың маңыздылығын анықтау үшін қоғамның құрылымын талдауға тырысайық. Қоғамның құрылымы өте күрделі. Индивидтердің жынысына, жасына, біліміне, әлеуметтік статусына және осы сынды түрлі факторларға байланысты қоғамның жіктелуіне қарамастан, қоғамды құрайтын индивидтерді байланыстыратын нәрсе – ортақ жер, тіл, мәдениет, тарих, дәстүр, өнер,

рухани құндылықтар. Зерттеуші Malytska: «The sustainable development of society depends not only on external conditions (political, economic, etc.), but also on the development of art, which will be aimed at the formation of appropriate emotions and social consciousness» – деп жазады (Malytska 2022, 248), яғни қоғамның тұрақты дамуы тек саяси-экономикалық емес, эмоциялық және рухани сананы қалыптастырушы өнердің дамуымен де тығыз байланысты. Коммуникацияның негізгі құралы – тіл. Қазіргі қазақ қоғамында тіл мәселесі өзектілігін жоғалтпаған, ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтап қалуда театр өнерінің, әсіресе тарихи драмалық қойылымдардың рөлі ерекше. Біріншіден, мұндай қойылымдар негізінен мемлекеттік тілде қойылады, екіншіден, «Алаш жолы», «Сәкен – сұңқар», «Алиханнның аманаты» сынды қойылымдарда тіліміздің құрдымнан аман қалуы, оның қиыншылықпен келгені ашық көрсетілген. Бұл қойылымдар тілімізге деген құрметті арттырып, бағалауға әсер етеді. А.А.Конева өз зерттеуінде: «Одними из наиболее важных объединяющих элементов между государством и гражданином являются идеологические ценности, позволяющие формировать нравственные и эстетические идеалы личности, сопоставляя их с перспективными задачами страны»

(Конева 2012) - дей келе, «большую роль в формировании ценностных ориентаций общества играют культура и искусство» (Конева 2012) – деп, өнерді рухани құндылықтарды насихаттаушы ретінде қарастырған. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи қойылымдар – ұлт болмысын айқындайтын, мәдени мұрамызды насихаттайтын, ұлттық құндылықтарды сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізетін, маңызды рухани құрал болып табылады. Мұндай қойылымдар көрерменнің тарихи сана-сезімін оятып қана қоймай, ел азаматтарының бойында патриоттық рухты күшейтеді. Бұл ел елдігінің берік болуына, қоғамдағы идеяологиялық көзқарастың бір бағытта дамуына әсерін тигізеді. «Когда идеи, пропагандируемые театром и передовой литературой, проникают в массы и овладевают ими, тогда они становятся силой, способной поднять народ на преобразование общественной жизни» (Овсянников 1972, 171).

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазіргі таңдағы қазақ театр сахнасында қойылған тарихи драмалық қойылымдар негізгі материал ретінде қарастырылды. Атап айтқанда, «Бопай ханым», «Алтайдан ауған ел», «Сәкен – сұңқар» спектакльдері талдау нысаны ретінде таңдалды. Бұл қойылымдар тарихи оқиғалар мен тұлғалардың өмірін сахналық интерпретация арқылы жеткізіп, ұлттық сананы

қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

Теориялық талдау әдісі – тарихи драма жанрының ерекшеліктерін анықтау үшін театртану, мәдениеттану және тарих саласындағы ғылыми еңбектер зерделенді.

Контент-талдау әдісі – спектакльдердің мазмұны мен идеялық бағытын анықтау мақсатында олардың сюжеті, кейіпкерлердің мінезі, сахналық шешімдер мен режиссерлік тәсілдер талданды.

Салыстырмалы әдіс арқылы әр түрлі тарихи қойылымдардың ерекшеліктері салыстырылып, олардың ортақ тұстары анықталды.

Көркемдік-эстетикалық талдау – спектакльдердің сахналық безендірілуі, актерлік шеберлік, музыкалық және визуалдық элементтер арқылы тарихи шындықтың берілу деңгейі қарастырылды.

Социологиялық әдіс – театр қойылымдарының қоғамға әсерін бағалау үшін көрерменнің қабылдау ерекшеліктері мен театр сыншыларының пікірлері ескерілді. Осы әдістерді қолдану арқылы тарихи драмалық қойылымдардың қазақ қоғамындағы орны мен олардың ұлттық санаға ықпалы жан-жақты зерттелді.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Театр мен қоғамның өзара байланысы және қоғам өміріндегі

тарихи драманың маңыздылығы туралы бірнеше ғылыми еңбектер мен мақалалар қарастырылды. Қазақ театртану ғылымының қалыптасу кезеңдері мен театр өнерінің дамуы туралы (Мұқан et al. 2012) жинағында кеңінен баяндалған. Бұл еңбекте театрдың мәдениет пен қоғамдағы орны, оның тарихи оқиғаларды сахналаудағы рөлі талданады. Тақырып аясын кеңінен зерттеу үшін шетелдік ақпарат көздері : (Koneva A.A. 2012.), (Wrentschur 2025, 125), (Malytska 2022, 248), (Benzie 2024, 389), (Chengzhou 2021, 275) журналы, (Овсянников et al. 1972) еңбегі қарастырылды. Театрдағы тарихи драманың ерекшеліктерін анықтауда (Нұрғали 2000) атты еңбегі негізге алынды. Автор тарихи драманың құрылымын, ондағы тарихи тұлғалардың бейнесін ашу тәсілдерін және драматургиядағы көркемдік шешімдерді зерттеген.

Қазіргі қазақ театрында қойылған тарихи драмалық қойылымдар туралы мәліметтер мен театр сыншыларының пікірлері «Егемен Қазақстан», «Астана ақшамы» газеттеріндегі мақалалардан алынды.

Қорытындылай келе, зерттеу барысында театртану, мәдениеттану және тарих саласындағы еңбектер негізінде тарихи драманың рөлі мен маңыздылығы талданып, олардың қазақ қоғамындағы орны жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ драматургиясында тарихи тақырып

әрқашан өзектілігін жоғалтпаған. Қазіргі таңда тарихи қойылымдар қатары толығуда. Атап айтқанда Роза Мұқанованың «Бопай ханым» тарихи трагедиясы, Қанат Жүнісовтың «Сәкен – сұңқар» драмасы мен Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» кітабының желісі бойынша тарихи драмасы сахналанды. Салыстырмалы талдау жүргізе отырып, зерттеуге алынған қойылымдардағы ортақ әдістер мен көркемдік шешімдер анықталды. Қазақ театр сахнасында қойылған нақты үш тарихи драмалық қойылымдар бұрын тек мәдени тұрғыда қарастырылып келсе, мақалада оларды әлеуметтік, идеологиялық және тәрбиелік аспектіде зерттеуге тырыстық. Үш спектакльдің режиссерлік шешімдерінде ұлттық рухты метафора арқылы жеткізу, эмоциялық әсерді күшейту, тарихи оқиғаларды көркемдік құралдармен сахналау, сондай-ақ визуалды символизм мен көпшілік сахналарды қолдану секілді ортақ әдістер бар. Сонымен қатар, ұлттық музыка, дәстүрлі киімдер мен көркем сахналық шешімдер арқылы тарихи оқиғалар кеңістік пен уақыттан тыс жалпыхалықтық сипатқа ие болады. Осылайша, аталған қойылымдар ортақ идеялық және эстетикалық тұтастықпен біріккен, театр өнері арқылы ұлттық рухты тәрбиелеуге бағытталған шығармалар ретінде танылды.

Жаңа драматургиялық шығармалардың жазылуы мен тарихи

қойылымдардың сахналануы қоғам өмірінде маңызды роль атқарады. Бұл жайында Benzie еңбегінде атап өткен: «The representation of the past in new playwriting sits in an ecology of cultural uses of history across media, national identity, and ideology; prominent within these structures is the heritage industry» (Benzie 2024, 389). Драматург Р.Мұқанованың қаламынан туған «Бопай ханым» пьесасы соңғы жылдары жарыққа шыққан тарихи қойылымдардың озық үлгісіне айналды. Р.Мұқанова «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында былай деген: «Мемлекет құру, оны мәңгілікке сақтап қалу жанкешті күрестен тұрады. Мен Бопай ханым арқылы бүгінгі күннің де өзекті мәселелерін қамтығым келді. Халық өткен тарихты көре отырып, бір сәт ойланып қалғандай болды. Менің де мақсатым осы» (Жұмабай 2021). Драматургтың көрерменге жеткізгісі келген ойы сәтті іске асып, 2021 жылы премьерасы өтті. Қойылымды тамашалау барысында ұлттық колорит бірден аңғарылады. Сценографиялық шешімдер мен сахналық безендірулер көрерменге қазақы болмысты нақты әрі әсерлі жеткізеді. Спектакль декорациясы бірнеше жылжымалы элементтерден құралған: асты сандық түрінде жасалған құрылымдар, ал арқа жағы бір қарағанда керегені елестететін тор шымылдық, оған жабылған тері, ұлттық ою-өрнекті көрпелер сондай-ақ сахна ортасына қойылған найза мен ер-тоқым –

барлығы қазақтың дәстүрлі мәдениетін көркем түрде бейнелейді. Шымылдың сахналарды бөліп тұруы – оқиғаның бірнеше жерде өтіп жатқанын көрсету үшін қолданылған тиімді тәсіл. Ал сахна ортасындағы үлкен тастар бірде биліктің белгісі – тақ, бірде қайғының нышаны – табыт ретінде қолданылды. Актерлардың костюмдері де ұлттық стильде таңдалған. Қойылымның шиеленіскен және шарықтау сәттері қобыз, сыбызғы, домбыра, жетіген сынды дәстүрлі музыкалық аспаптармен сүйемелденіп, эмоциялық әсерді күшейтеді. Қазақтың бұрыннан келе жатқан дәстүрлерінің бірі жоқтау Әбілқайыр ханның дүниеден өткен сахнасында көрсетілді. Қойылым көрерменге көзге бірден түсетін көркемдік детальдар арқылы қазақ халқының ұлттық киімдері мен бұйымдарын, салт-дәстүрлерін және музыкалық мұрасын насихаттайды. Сонымен қатар, спектакль желісі бойынша берілетін идеялар мен ой-тұжырымдар көрерменді тереңірек пайымдауға жетелеп, ұлттық рухты сезінуге ықпал етеді.

Әр қойылымдағы кейіпкер – ол жағымды не жағымсыз болсын, өзіндік мінезімен, мәнерімен, іс - әрекетімен көрерменге моральдік құндылықтарды насихаттаушы. Көрермен спектакль барысына тікелей қатыспаса да, ондағы оқиғаны сырттан бақылап, оған баға беріп, өз қорытындысын жасайды. Ол озбырлықтың азаюына, адамдардың

бір-біріне құрметпен қарауына, парасаттылық деңгейінің артуына негіз болады. Chengzhou He : «Theater, like literature and other forms of art, is an act of doing rather than just an aesthetic experience. Theater and performance do not achieve the goal of making things happen all by themselves, but rather in conjunction with other objects, people, and concepts» (Chengzhou 2021, 275) – дей келе, қойылым көрерменге баға беру арқылы ой түюіне және моральдік құндылықтардың қалыптасуына әсерін тигізетінін тұжырымдады. Әсіресе, тарихи қойылымдардың қоғамдағы әлеуметтік және рухани өзгерістерге ықпалы зор. Бұл ретте «Бопай ханым» бейнесі айрықша мәнге ие. Аталған кейіпкерді актриса Сая Тоқманғали сомдап, нәзіктік пен қайсарлықты үйлестіре отырып, тұтас бір тарихи тұлғаның болмысын сахнада шебер бейнелей алды. Оның әрбір сөзін нық айтылып, кейіпкердің ұстанымды мінезі шебер көрсетілді. Ел болашағын, халық алдындағы міндетін өз пайдасынан жоғары қоятын басшының кейіпін толық жеткізе білді. Спектакльдегі Бопай ханым мен Неплюев арасындағы сахна тарихи кезеңдегі қазақ жерінің күрделі саяси жағдайын бейнелеуге арналған. Неплюев рөліндегі Қайсанов Мейрам Бопай ханыммен диалог құрғанымен, оның негізгі зейіні жерді құралмен өлшеуде болды. Артқы планда көпшілік актерлардың қуыршақ сарбаздар қалпында жерді өлшеу

әрекеттері біртіндеп Бопайды ортаға алып, оның қимылын шектей отыра, қарқылдай күліп, билеп, жүгіріп тастарды жан-жаққа алып кетуге ауысады. Режиссер қазақ жерінің талан-таражға салынып, оқиғаның ушығып жатқанын осындай тәсіл арқылы көрсетті. Осы тұста Бопай ханым бейнесіндегі Сая Тоқманғалидың актерлік шеберлігі ерекше әсер қалдырады: ол жан ұшыра жүгіріп, әр кейіпкермен күресіп, сонында өз денесімен ортадағы тасты құшақтап жауып жылап жіберуі арқылы Бопайдың қайсар болмысын да, әрі эмоционалдық күйзелісін де нанымды түрде аша білді. Ішкі сезімдерін тек өзінің жеке сахналарында ғана айқын көрсетті. Актриса Бопай ханымның ақылдылық, көрегендік, сақтық белгісін өзге кейіпкерлердің қатысуында салқынқандылық танытуы арқылы білдірді. Оның орындауындағы Бопай ханым ел тәуелсіздігі, азаматтардың азаттығы бәрінен жоғары екенін жеткізеді. Режиссер қойылымның негізгі идеясын соңғы сахнада нақты жеткізе білді. Әбілқайыр, Бопай ханым, Барақ сұлтан тәңірден елдікті, елін сатпас ерді сұрауында сахна биікке көтеріліп, сахналық көтергіш арқылы көпшілік кейіпкерлер шығады. Көпшілік – қазіргі таңның жас ұрпағы ретінде оларға құран бағыштауы өткенімізді ұмытпауға, ата – баба аруағын құрметтеуге шақырады.

Қойылымдағы жағымсыз кейіпкерлердің бірі – Барақ сұлтан. Таққа жету жолында ағасын құрбан еткен кейіпкердің мысалында неден аулақ болу керектігін аңғаруға болады. Бір кейіпкердің бойындағы моральдік құндылық пен материалдық құндылықтың арпалысы пластикалық шешімдер мен түрлі метафора арқылы көрсетілген. Жұмбақ Барақ сұлтанның аузын шынжырлап, сол арқылы оның әр қимылын басқаруы адамдық қасиеттің материалдық дүниенің құлына айналғанның белгісі. Жұмбақ кейіпкердің нақты кім екені көрсетілмеген. Арадағы қақтығысты тудырып, кейіпкерлердің қарым-қатынасын шиеленістіруші кейіпкерді көрерменнің жеке талдауына қалдырылған бейне десек те болады. Оны ішкі шағылыстырушы ретінде немесе сыртқы күш ретінде талдауға болады. Сырттағы Барақтың монологында актер Қуандық Қыстықбай дауысын екі түрлі етіп кейіпкерінің ішкі арпалысын, өз ойының екіге бөлінгенін көрсетті. Кейіпкердің ішкі тыныштығы кетіп, есінен тана бастағанын қойылымда көпшілік актерлардың биі арқылы шешілді. Көпшіліктің Барақтың бетпердесінде болуы – Барақтың ойының сан-саққа бөлінуін көрсетті. Адалдық пен арамдықтың күресін көрсеткен кейіпкер әр әрекеттің салдары болатынын, әр шешімнің жауапкершілігі болатынын бейнеледі. Бұл қойылым сыртқы жаудан ішкі жаудың қауіптірек екенін айқын

жеткізді. Сатқындық, ел бірлігі тақырыбы «Сәкен – сұңқар» қойылымында да көтерілді.

«Сәкен – сұңқар» спектаклінің мысалында ел азаматтарының араздығы мен мақсаттарының шашырауы ұлт бірлігінің әлсіреуіне әкелетіні көркем тілде көрсетілген. Қойылымның жалпы атмосферасы күңгірт, бұл көрерменге тарихи кезеңнің күрделілігін, тұлғаның ішкі күйзелісін сезіндіреді. Қою түсті жарықтар мен үлкен шкафтар да қойылымға қосымша ауырлықты берді. Басты кейіпкер ел жастарының білімді болғанын көздеген, еркіндікті мұрат еткен қазақтың ақыны Сәкен Сейфуллин бейнесін сахнада актер Сырым Қашқабаев сомдады. Қойылым алғаш рет 2014 жылы сахналанып, тұлғаның тарихи бейнесін есте қалдыру және жас ұрпаққа үлгі ету мақсатын көздеді. Актер сахнада қоғам қайраткерінің парасаттылығын, азаматтық ұстанымын, ағалық үлкендік пен кішілік ізет мінезін жеткізуге тырысты. Қойылымда актер С.Сейфуллиннің әндері: «Түн ішінде», «Көкшетау» мен өлеңдері: «Асығып тез аттандық» орындады. Әр шығармасының философиялық мәнін ашып жеткізуге тырысқаны сезілді. Спектакльде аға мен іні буынның қарым - қатынасы өте қарапайым, бірақ терең жеткізілген. Сәкен мен Ахмет кейпіндегі С.Қашқабаев пен Б.Ыбыраев арасында да, Сәкен мен жас буынның (рольде театр жастары) арасында да жылулық пен сыйластық

ойындарынан көрініс тапты. Жастардың Ахмет, Сәкенмен кездесу сахнасында аға алдында поэзияны қобалжи, ұяң түрде оқуынан үлкенге деген құрметтің қандай деңгейге болуы керектігін ұғамыз. Спектакльде «Тарихи қатені жөндеу керек», «Жастар білім алу керек», «Ахмет сынды асыл тұлғаларды қазақ балаларына таныстыру керек» деген Сәкеннің ойының іске аспауына сырт жақтың араласуынан гөрі, өз арасында жүргендердің сатқындығы әсер еткенін көрсетіп, ер-азаматтарының бірлігінің қоғам өмірінде маңыздылығын дәлелдей түсті. Қоюшы режиссер Әлімбек Оразбеков қойылымның басында бетперде киген көпшілік арқылы қоғамдағы екіжүзділіктің, сол көптің ақынға арқанды тағуы арқылы сатқындықтың, жалғандық пен ақынға тағылған кінәнің ауырлығын жеткізген. Қоғам қайраткерінің ту сыртынан пышақ ұрған екі кейіпкердің бірі - Қадыржанды актер Жанқалдыбек Туленбаев орындады. Актер бейнені жеткізуде көз қиығының ойнақтату, жалтақтау, жағымпаздану, бетқаратпау сынды мінез тұстарын көрсетті. Екіншісі Егор кейіпкері Жанат Оспановтың сомдауында жетті. Осы кейіпкерлердің линиясына сүйене отырып, қоғамның ондай мүшелері ел мүддесіне емес, өз қамының мүддесіне қызмет ету салдарын көреміз. Ол әрекеттері ел арыстарының трагедиялық жағдайға тап болуы мен ел болашағына қауіп

төндіретіні фактор екенін негіздеді. «Сахнаға көтеріліп қойылым жайлы пікірін білдірген Тұрсынбек Кәкішев көп жері өзгергенін айтты. Ең бастысы, осындай шығарма жас ұрпақты тәрбиелеуге таптырмайтын құрал екенін алға тартты. Оның осы сөзінің шындығына залдан шығып бара жатып көз жеткіздік. Оған драманы тамашалаған бір-екі қыздың «жыладық» деген сөзі себеп...» (Қалжанов 2014).

Ел тағдырын жеткізген қойылымдардың бірі – «Алтайдан ауған ел». Атмосферасы өте ауыр, толғандырмай қоймайтын қойылым 2021 жылы көрерменге жол тартты. Бұл спектакльдің негізге идеясы – азаттық. Бодан болудан бас тартып, жер аударып кеткен елдің трагедиясы. Өзге спектакльдерден ерекшелігі – басты кейіпкер жоқ. Басты назарда халық тағдыры. Сондықтан бұл қойылым күрделі декорацияны қажет етпеді. Сахнаның артқы планы жар, тау сынды етіп көтерілген. Жарық қоңыр, сары, сұр түстерде беріліп сағымның белгісін танытқандай. Спектакльдің басты әні ретінде – «Түйелер» таңдалып, көштің бағытын, ритмін беріп тұрды. «Қиын-қыстау кездерді бастан кеше жүріп, тағдырдың сан қилы ауыртпалығына мойымай, Алтайдан Анадолыға дейінгі азапты жол, қаралы көште қанқұйлы тағдыр кешіп, бозбала боп аттанып, Тәуелсіздік алған туған еліне ақсақал боп оралған ұлтымыздың ардақты азаматы Халифа Алтай бас

кейіпкердің біріне айналған бұл қойылым қиямет қайым күндерді, зұлмат жылдарды өткерсе де, қазақ халқының адамдықтан айнамай, тектілігін жоғалтпағанын, діні мен ділін, дәстүрі мен салт санасын берік ұстанғанын сөз етеді» (Жұмабай 2021). Халифа Алтайдың рөлі Тілектес Мейрамовтың орындауында жетті. Егемендікті аңсаған кейіпкерді асқан шеберлікпен көрсете білді. Тәуелсіздікке қол жеткізген хабарды естігендегі кейіпкердің ішкі сезімін көрсетуде актер қолындағы алмалар салынған дорбаны түсіріп, абдырап қалған күйді көрсетті. Әрі актердің ойлауы бойынша бұл шашудың нышаны еді. Ести сала намазға жығылып, монологын көз жасына ерік бере оқуы, дауысындағы діріл мен теңселіп қалуы кейіпкердің қуанышы мен тебіреніс күйін ашты. Спектакльде бұл хабарды ести алмай кеткен халықтың тағдыры қаншама. Режиссер Фархад Молдағали жетім балалар, баласынан айырылып есінен адасқан ана, әке мен бала, ғашықтар сынды бейнелерді жеткізуде өзіндік шешімдерді таба білді. 20 мың жолаушыдан 1,5 мың ғана адамның қалуын режиссер сахнада иесіз қалған етіктер арқылы, жол бейнетіне шыдамай қайтқан нәрестелердің оқиғасын бос бесікті тербеткен аналар арқылы жеткізді. Эмоционалды сахналардың бірі – топтың авансценада жанарларына жас толып, әбден қажыса да тыныш жерді аңсап алға, болашаққа үмітпен қарауы.

Ермұрат Зейіпханның «Күнес-ай» әнін актер Қобыланды Болаттың орындауында әсерлілікті одан әрі тереңдете түсті. Қойылым нәтижесінде азаттық пен бейбіт заманның бәрінен жоғары тұратынын түйіндейміз.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері тарихи драмалық қойылымдардың қоғам өміріндегі маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Қазақ театр сахнасында қойылған «Бопай ханым», «Алтайдан ауған ел», «Сәкен – сұңқар» спектакльдері тарихи шындықты көркемдік интерпретация арқылы жеткізіп, ұлттық сана мен рухани құндылықтарды нығайтуға ықпал етеді. Зерттеу нысанына алынған үш спектакль де тарихымыздың елеулі кезеңдерін қамти отыра, ұлттық құндылық пен еркіндік, азаттық, тәуелсіздік мәселелерін басты назарға алды. Қазақ театр сахнасында тек көркем шығарма ретінде емес, қоғам мен көрермен санасына терең әсер ететін рухани-тәрбиелік мәнде маңызы терең. «Бопай ханым» арқылы – елдік пен тәуелсіздік идеясы көрініс тапса, «Сәкен – сұңқар» қойылымы – ұлттық бірліктің маңызын, сатқындық пен адалдықтың ара салмағын ашып көрсетті. Ал «Алтайдан ауған ел» – бодандықтан бас тартып, азаттық үшін жан сауғалаған халықтың тағдырын көрсетіп, еркіндіктің құнын терең ұғындырды.

Театр мен қоғамның өзара байланысы өнердің ұлттық мәдениетті сақтаудағы рөлін айқындады. Қойылымдар тек тарихи оқиғаларды баяндап қана қоймай, бүгінгі қоғам үшін өзекті мәселелерді көтеріп, көрерменді ойлануға және талдауға жетелейді.

Зерттеу барысында тарихи драмалардың тіл, әдебиет, дәстүр және ұлттық құндылықтарды сақтау құралы ретінде қызмет ететіні анықталды. Театр қойылымдары арқылы ана тілі мен мәдениетке деген құрмет артып, идеологиялық тұтастық пен ұрпақтар сабақтастығы қалыптасады. Сонымен қатар, тарихи драмалар адамның моральдық құндылықтарын дәріптеп, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық ұстанымды қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, тарихи драмалар – көркемдік-идеялық құндылығы жоғары, тәрбиелік, танымдық, рухани әсері мол, қоғам дамуына ықпал ететін маңызды мәдени құбылыстар ретінде бағаланады. Ұлттық мәдениетті сақтау, патриоттық сананы қалыптастыру және елдік мүддені насихаттау жолында айрықша рөл атқарады. Сондықтан қазақ театр өнерінде тарихи тақырыптағы шығармаларды дамыту әрі қарай жалғастырылуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабай, Н. 2021. Алтайдан ауған ел». *Егемен Қазақстан*. <https://egemen.kz/article/299450-altaydan-aughan-el> (қаралған күні: 03.03.2025).
2. Жұмабай, Н. 2021. «Бопай ханым – болмысы бөлек тұлға». *Егемен Қазақстан* (10).
3. Қалжанов, А. 2014. «Сәкен сұңқар» тарихи трагедиялық драмасы сахналанды. *Астана ақшамы* (117).
4. Конева, А.А. 2012. Идеологическая роль театра в обществе. *Науковедение* (4).
5. Мұқан, А.О., Жұмасейітова, Г.Т., Еркебай, А.С., Исламбаева, З.У., және Тәшімова, М.М. 2012. *Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 8: Қазақ театртану ғылымы (қалыптасу кезеңі)*. Алматы: Әдебиет Әлемі.
6. Нұрғали, Р. 2001. *Драма өнері*. Алматы: Санат.
7. Овсянников, М.Ф., Куликова, И.С., және Долгов, К.М. 1972. *Искусство и общество*. Москва: Наука.
8. Benzie, R., and B. Poore. 2024. "History Plays in the Twenty-First Century: New Tools for Interpreting the Contemporary Performance of the Past." *Studies in Theatre and Performance* 44 (3). <https://doi.org/10.1080/14682761.2023.2266205>.
9. He, Chengzhou. 2021. "Theater as a Cross-Cultural Encounter." *Orbis Litterarum* 76. <https://doi.org/10.1111/oli.12314>.
10. Malytska, O., I. Patron, N. Chabanenko, O. Shvets, A. Polishchuk, and L. Martyniv. 2022. "Development of Art Education as a Basis for Sustainable Development of Society." *Postmodern Openings* 13 (1 Sup1). <https://doi.org/10.xxxxxx>.
11. Wrentschur, M., G. Dressel, K. Heimerl, L. Hofer, and K. Wegleitner. 2025. "CareACT in Communities: Theatre Interventions for Justice-Oriented and Participatory Learning Processes in Caring Communities." *Educational Action Research* 33 (1). <https://doi.org/10.1080/09650792.2024.2439975>.

References:

1. Zhumabai, N. 2021. «Altaydan augan el». *Egemen Qazaqstan*. <https://egemen.kz/article/299450-altaydan-aughan-el> (qaralğan kúni: 03.03.2025). (In Qazaq).
2. Zhumabai, N. 2021. «Bopai khanyim – bolmysy bólek túlğa». *Egemen Qazaqstan* (10). (In Qazaq).
3. Qaljanov, A. 2014. «Sáken súnqar» tarikhy tragediialyq dramasy sakhnağa qoyyldy. *Astana aqshamy* (117). (In Qazaq).
4. Koneva, A.A. 2012. Ideologicheskaiia rol' teatra v obshchestve. *Naukovedenie* (4). (In Russian).
5. Muqan, A.O., Zhumaseitova, G.T., Erkebai, A.S., Islambaeva, Z.U., Tashimova, M.M. 2012. *Klassikalyq zertteuler: Kóp tomdyq. T. 8: Qazaq teatrtanu ғылымы (qalyptasu kezeńi)*. Almaty: Ádebiet Álemi. (In Qazaq).
6. Nurgali, R. 2001. *Drama óneri*. Almaty: Sanat. (In Qazaq).

7. Ovsianikov, M.F., Kulikova, I.S., Dolgov, K.M. 1972. *Iskusstvo i obshestvo*. Moskva: Nauka. (In Russian).
8. Benzie, R., and B. Poore. 2024. "History Plays in the Twenty-First Century: New Tools for Interpreting the Contemporary Performance of the Past." *Studies in Theatre and Performance* 44 (3). <https://doi.org/10.1080/14682761.2023.2266205>. (In Engl.).
9. He, Chengzhou. 2021. "Theater as a Cross-Cultural Encounter." *Orbis Litterarum* 76. <https://doi.org/10.1111/oli.12314>. (In Engl.).
10. Malyska, O., I. Patron, N. Chabanenko, O. Shvets, A. Polishchuk, and L. Martyniv. 2022. "Development of Art Education as a Basis for Sustainable Development of Society." *Postmodern Openings* 13 (1 Sup1). <https://doi.org/10.xxxxxx>. (In Engl.).
11. Wrentschur, M., G. Dressel, K. Heimerl, L. Hofer, and K. Wegleitner. 2025. "CareACT in Communities: Theatre Interventions for Justice-Oriented and Participatory Learning Processes in Caring Communities." *Educational Action Research* 33 (1). <https://doi.org/10.1080/09650792.2024.2439975>. (In Engl.).

Автор жайында қысқаша мағлұмат:

Бахты Ботагөз Ермұратқызы

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университеті
(Астана, Қазақстан)

Ғылыми жетекші: **Ешмуратова Анар Карибаевна** – PhD, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Музыкалық-драмалық және қуыршақ театры өнері» кафедрасының аға оқытушысы

E-mail: botagozbahty@icloud.com

Тел: +77028459366

Brief Information about the Author:

Bakhty Botagoz Ermuratqyzy

Kulyash Bayseitova named after Kazakh National University of Arts
(Astana, Kazakhstan)

Scientific supervisor: **Anar Karibaevna Yeshmuratova** – PhD, Senior Lecturer at the Department of Musical-Dramatic and Puppet Theater, Kulyash Bayseitova named after Kazakh National University of Arts

E-mail: botagozbahty@icloud.com

Tel.: +77028459366

Краткая информация об авторе:

Бахты Ботагөз Ермұратқызы

Казахский национальный университет искусств имени Куляш Байсеитовой
(Астана, Казахстан)

Научный руководитель: **Ешмуратова Анар Карибаевна** – PhD, старший преподаватель кафедры «Музыкально-драматический и кукольный театр» Казахского национального университета искусств имени Куляш Байсеитовой

E-mail: botagozbahty@icloud.com

Телефон: +77028459366